



**ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕРІ/
ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО/
YOUNG RESEARCHERS' TRIBUNE**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
ТОМ 81, НӨМІРІ 1(2026), 322-332

ӘОЖ 34
FTAMP 10.21.01
DOI 10.52026/2788-5291_2026_81_1_322
Ғылыми мақала

© М.Н. Абишева¹, 2026

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: ¹abisheva.meruertkz@mail.ru)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясы және сақтандыру саласындағы цифрлық трансформация үдерістері кешенді түрде талданады. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейінгі сақтандыру қызметін құқықтық реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдерін айқындау, негізгі заңнамалық реформалардың мазмұнын ашу және цифрландырудың сақтандыру нарығының тиімділігіне, ашықтығына және қолжетімділігіне ықпалын бағалау болып табылады.

Зерттеудің пәні - Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жүйесі, сақтандыру нарығын цифрландыруға бағытталған заңнамалық өзгерістер, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары, мемлекеттік органдар және сақтандыру қызметін тұтынушылар арасындағы құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-құқықтық әдіс, формальды-құқықтық әдіс, салыстырмалы-құқықтық әдіс, жүйелік талдау, логикалық талдау және талдап қорыту әдістері кеңінен қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының бастапқы кезеңдегі фрагментарлық сипаттан қазіргі заманғы көпдеңгейлі, цифрландырылған және тұтынушыға бағдарланған реттеу жүйесіне дейін дамығаны анықталды. Цифрлық трансформация сақтандыру қызметтерінің сапасын арттырып, онлайн сақтандыру, электрондық шарттар, сотқа дейінгі реттеу және сақтандыру омбудсманы институтының тиімділігін күшейтуге ықпал еткені негізделді. Алынған ғылыми қорытындылар сақтандыру заңнамасын одан әрі жетілдіруде, құқық қолдану тәжірибесін дамытуда, сондай-ақ сақтандыру нарығын цифрлық ортаға бейімдеу барысында практикалық маңызға ие болып табылады және білім беру процесінде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар алынған тұжырымдар сақтандыру құқығы бойынша оқу курстарында, ғылыми-зерттеу жұмыстарында және құқық шығармашылық қызметте қолдануға жарамды. Мақалада жасалған қорытындылар сақтандыру саласын құқықтық реттеуді одан әрі жаңғыртуға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: сақтандыру; сақтандыру нарығы; сақтандыру заңнамасы; сақтандыру омбудсманы; цифрландыру; исламдық сақтандыру; такафул.

Кіріспе

Сақтандыру институты қазіргі құқықтық мемлекет жағдайында азаматтардың мүліктік және жеке мүдделерін қорғаудың, сондай-ақ қоғамдық қатынастардағы тәуекелдерді құқықтық реттеудің маңызды құралы болып табылады. Сақтандыру қатынастары азаматтық құқық, қаржы құқығы және әкімшілік құқық нормаларының тоғысында қалыптасып, мемлекеттің әлеуметтік және құқықтық

функцияларын іске асыруда ерекше орын алып отыр. Осыған байланысты сақтандыру саласын құқықтық реттеу мәселесі мемлекеттің құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласын құқықтық реттеу соңғы жылдары терең институционалдық және технологиялық өзгерістерге ұшырауда. Цифрлық технологиялардың

енгізілуі сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін, сақтандыру жағдайларын тіркеу мен реттеу механизмдерін, сондай-ақ сақтандыру дауларын шешу рәсімдерін айтарлықтай өзгертті. Әсіресе электрондық сақтандыру шарттарының кеңінен қолданылуы, сақтандыру дауларын сотқа дейін реттеудің міндетті тәртібінің бекітілуі сақтандыру заңнамасының мазмұны мен құқық қолдану практикасына елеулі әсер етті. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтандыру шарттарынан туындайтын дауларды сотқа дейін міндетті түрде сақтандыру омбудсманы арқылы қарау тәртібі енгізілді¹. Омбудсманның шешімі сақтандыру ұйымы үшін міндетті, ал тұтынушылар үшін тегін. Осы өзгерістер жағдайында қолданыстағы құқықтық нормалардың тиімділігін, олардың жаңа қоғамдық қатынастарды реттеуге қабілеттілігін ғылыми тұрғыдан бағалау қажеттілігі артып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясын және цифрлық трансформацияның құқықтық аспектілерін ғылыми тұрғыдан зерделеу өзекті болып табылады. Бұл зерттеу сақтандыру заңнамасының даму логикасын ашып көрсетуге, цифрландыру жағдайындағы құқықтық реттеудің ерекшеліктерін айқындауға және сақтандыру құқығын одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру заңнамасының эволюциясын кешенді түрде талдау азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін жетілдіру, сақтандыру ұйымдарының құқықтық жауапкершілігін күшейту және құқықтық айқындықты қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше маңызға ие. Сонымен қатар цифрлық трансформация үдерістеріне байланысты дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік, электрондық дәлелдемелер және цифрлық платформалар арқылы жасалатын мәмілелердің заңдық күші сияқты мәселелер сақтандыру құқығы ғылымында жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Осыған байланысты зерттеу тақырыбы ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту, сақтандыру саласындағы заңнамалық реформалардың тиімділігін арттыру және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру

тұрғысынан өзекті болып табылады.

Зерттеу барысында цифрландыру жағдайында сақтандыру ұйымдарының құқықтық жауапкершілігін арттырудың және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтудің негізгі бағыттары ұсынылды. Алынған тұжырымдар сақтандыру құқығы теориясын дамытуға, сондай-ақ сақтандыру заңнамасын жетілдіру мен құқық қолдану практикасын оңтайландыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдістер мен материалдар

Мақалада Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының қалыптасуы, даму кезеңдері және цифрлық трансформация үдерістері кешенді түрде талданды. Мақаланы жазу барысында келесі материалдар пайдаланылды: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі; Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілері; Сақтандыру нарығын цифрландыруға қатысты мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттар (мысалы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы); Отандық және шетелдік ғалымдардың сақтандыру құқығы, қаржы құқығы және цифрлық экономика саласындағы ғылыми мақалалары мен монографиялары және т.б.

Зерттеу материалдары сақтандыру заңнамасының эволюциясын кезең-кезеңімен қарастыруға және цифрлық трансформацияның құқықтық негіздерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мақаланы жазу барысында жалпығылыми және арнайы құқықтық зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда:

- тарихи-құқықтық әдіс – Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдерін, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі эволюциясын талдау үшін пайдаланылды;

- формальды-құқықтық әдіс – қолданыстағы сақтандыру заңнамасының нормаларын, олардың мазмұны мен

¹ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Сақтандыру секторы // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/activities/847> (жүгінген күні: 01.01.2026).

құқықтық табиғатын зерттеуге мүмкіндік берді;

- салыстырмалы-құқықтық әдіс – Қазақстанның сақтандыру заңнамасын шетел мемлекеттерінің тәжірибесімен салыстыру арқылы цифрлық сақтандыруды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды;

- жүйелік талдау әдісі – сақтандыру нарығындағы цифрлық технологиялардың (электрондық полистер, онлайн-сақтандыру, автоматтандырылған тәуекелді бағалау) құқықтық реттелуін біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

- логикалық және талдау-синтез әдістері – сақтандыру саласындағы құқықтық нормалар мен цифрлық трансформация үрдістері арасындағы өзара байланысты анықтау және ғылыми тұжырымдар жасау үшін қолданылды.

Қолданылған материалдар мен әдістер Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясын және цифрлық трансформацияның құқықтық аспектілерін жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру бойынша ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясы сақтандыруды мемлекеттік монополиядан бөліп алуға бағытталған алғашқы қадамдардан бастап қаржылық қадағалау мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін қалыптастыруға дейінгі күрделі кезеңдерден өтті.

Тарихқа жүгінсек, тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде 1992 жылы 3 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заңы қабылданды². Аталған заңды іске асыру нәтижесінде сақтандыру ісінің нормативтік-құқықтық базасының негізін қаланып, сақтандыруды дамытуға, отандық сақтандыру нарығын құруға және оны демонополиялауға қажетті экономикалық, құқықтық және өзге де жағдайлар қамтамасыз етілді. Ол кезде сақтандыру кәсіпкерлік қызметтің бір түрі ретінде танылды. Сонымен қатар сақтандырудың негізгі нысандары және түрлері енгізіліп, қосарлы

сақтандыру және қайта сақтандыру институттары заңдастырылды.

1993 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен маңызды шектеу енгізілді. Шетелдік сақтандырушылар мен шетелдік қатысуы бар бірлескен кәсіпорындарға Қазақстан аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыруға тыйым салынды. Бұл ұлттық сақтандыру секторын ірі халықаралық компаниялардың бәсекесінен қорғауға бағытталды. Бұл жаңа енгізілім қаржылық аспектіде, сондай-ақ ұсынылатын сақтандыру қызметтерінің сапасы мен әртүрлілігіне қатысты өзінің әлсіздігінен шетелдік сақтандырушылармен және қайта сақтандырушылармен бәсекеге түсе алмайтын ұлттық сақтандырушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған болатын [1, с. 138].

Бұдан басқа, Қазақстан аумағында тіркелген және әрекет ететін шетелдік заңды тұлғалар мен шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар сақтандырудың міндетті түрлері бойынша тек отандық сақтандыру ұйымдарында сақтандырылуға тиіс екендігі анықталды. Тұтастай алғанда, біздің ойымызша, 1992-1993 жылдар аралығындағы алғашқы талпыныстар қаржы пирамидаларын құру, кредит институттарын реттеу сапасының төмендігі, сапалы қаржы қызметтерін жинақтау нарығына ілгерілетудің қазіргі заманғы технологияларының болмауы салдарынан табыспен аяқталмағанын мойындау керек. Сайып келгенде, инвесторлардың отандық қаржы институттарына деген сенімі күрт төмендеді және олардың мүдделері шетел валютасын сатып алуға ауысты.

Сақтандырушы (қайта сақтандырушы) сақтандыру қызметін жүргізу құқығын, егер қызмет нысанасы тек қана қайта сақтандыру болып табылса, сақтандыру қызметінің түрлері бойынша - кемінде екі миллион теңге және қайта сақтандыру бойынша - 20 миллион теңге мөлшерінде жарғылық капиталды ақшалай нысанда төлегеннен кейін ғана ала алады. Сертификаттаудың негізгі шарты сақтандыру ұйымына құрылтай құжаттарын, сақтандыру түрлері бойынша ережелерді, менеджерлер туралы ақпаратты, қызметтің

² «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1992 жылғы 3 шілдедегі N 1510-XII ҚРЗ // URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920002300_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

алғашқы үш жылына арналған бизнес-жоспарды және басқа құжаттарды ұсыну болды. Жарлық сақтандыру ұйымдарын капиталдандыру жөніндегі талаптарды ғана емес, сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды да көздеді.

Екінші кезең (1994–1995 жж.) – мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуы. 1994 жылы 16 сәуірде «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы» Президент Жарлығы қабылданды³. Аталған құжатпен сақтандыру қызметін реттейтін арнайы орган институты енгізіліп, негізгі өкілеттіктер Қаржы министрлігі құрамындағы Сақтандыру департаментіне жүктелді.

1995 жылғы 3 қазандағы «Сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы⁴ сақтандыру нарығын шетелдік инвестициялар үшін ішінара ашып, қазақстандық және шетелдік сақтандыру ұйымдары арасында адал бәсекелестікке жағдай жасады.

Үшінші кезең (1998 ж.) – қадағалау функцияларын Ұлттық банкке беру. 1998 жылғы 30 маусымдағы «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығымен⁵ сақтандыруды мемлекеттік қадағалау функциялары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілді. Бұл сақтандыру секторын қаржылық реттеудің бірыңғай жүйесіне енгізуге және сақтандырушылардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптарды күшейтуге мүмкіндік берді.

Төртінші кезең (2000 жылдан бастап) – сақтандыру қызметін кодификациялау. 2000 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған № 126-II

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы⁶ сақтандыру саласындағы негізгі арнайы заң болып табылады және 2025 жылға дейін бірнеше рет өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады.

Аталған заңда:

1. Сақтандырудың екі саласы («өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру»);

2. Осы салалар шеңберіндегі сыныптар мен түрлер;

3. Бір сақтандыру ұйымына екі саланы қатар жүргізуге тыйым салу;

4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі;

5. Сақтандыру делдалдарының (сақтандыру брокерлері мен агенттері) құқықтық мәртебесі;

6. Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу және қадағалау жүйесі бекітілді.

Осы кезеңге сондай-ақ 2003 жылғы 4 шілдедегі «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңы⁶ мен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде⁷ сақтандыру институттарының қабылдануы жатады.

Бесінші кезең – исламдық сақтандырудың (такафул) дамуы. 2000-жылдардың ортасынан бастап Қазақстанда заңнама исламдық қаржы өнімдеріне біртіндеп бейімделе бастады. 2015 жылы исламдық сақтандыру ұғымы, такафул нарығының құқықтық негіздері және исламдық операциялардың ерекшеліктері заңнамалық деңгейде бекітілді. Ғылыми әдебиеттерде исламдық сақтандыру дәстүрлі сақтандыруды толықтыратын, өзара көмек пен тәуекелдерді бөлу қағидаттарына негізделген балама модель ретінде қарастырылады.

Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу мәселесіне қатысты көптеген ғалымдардың ой пікірлері бар. Мәселен,

³ «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 16 сәуірдегі N 1658 // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U940001658_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁴ «Сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002475_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁵ «Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986 // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U980003986_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁶ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 ҚРЗ // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁷ «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2003 жылғы 4 шілдедегі N 474-II ҚРЗ // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000474_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁸ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының Кодексі 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_/k990409_.htm (жүгінген күні: 01.01.2026).

Г.М.Тлебаева сақтандыру қызметін тиімді реттеудің негізі ретінде құқықтық және ұйымдастырушылық-құқықтық қағидаларының маңызын атап көрсетіп, оларды Қазақстан жағдайында жүйелеуді ұсынады.

Қағидалар - бұл саланың барлық нормаларын қолдануды анықтайтын құқықтық нормаларды дамытудың жетекші идеялары, алғышарттары. Олар нақты құқықтар мен міндеттерді белгілемейді, бірақ сақтандыру қызметін реттеудің құқықтық негізін құрайды.

Автор қағидалардың екі түрін ажыратады:

- жалпы қағидалар - мысалы, заңдылық, жариялылық, ұйымдық бірлік;
- арнайы қағидалар - мысалы, сақтандыру, эквиваленттілік, тараптардың сенім қағидасы, нақты шығын мөлшерінде сақтандыру өтемін төлеу қағидасы, шығын мен сақтандыру жағдайының себеп-салдарлық байланысы қағидасы [2, с. 18].

Г.М. Тлебаева жалпы және арнайы қағидаларды ажырата отырып, сақтандыру қатынастарының көпқырлы сипатын көрсетеді. Жалпы қағидалар құқықтық жүйенің әмбебап талаптарын бейнелесе, арнайы қағидалар сақтандыру саласының ерекшелігін, оның экономикалық және әлеуметтік мәнін ашып көрсетеді. Әсіресе эквиваленттілік, тараптардың өзара сенімі, нақты келтірілген зиянды өтеу және себеп-салдарлық байланыс қағидалары сақтандыру қатынастарының әділеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі тетіктер ретінде сипатталады.

Автордың көзқарасы сақтандыруды тек қаржылық-экономикалық құрал ретінде емес, құқықтық тәртіпті, құқық субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін маңызды құқықтық институт ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Осы тұрғыдан алғанда, Г.М. Тлебаеваның ұсынған қағидалар жүйесі Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасын жетілдіру үшін теориялық және практикалық маңызға ие.

Қорытындылай келе, Г.М. Тлебаеваның ғылыми тұжырымдары сақтандыру қызметін тиімді құқықтық реттеу қағидаларды жүйелі түрде бекіту мен оларды құқық қолдану тәжірибесінде дәйекті жүзеге асыру арқылы ғана мүмкін екенін

көрсетеді. Бұл көзқарас сақтандыру саласындағы құқықтық тұрақтылықты арттыруға және қатысушылардың сенімін нығайтуға бағытталған.

Е.М. Елубай еңбектерін талдау Қазақстан Республикасындағы сақтандыру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы нарықтық қатынастарға көшу үдерісімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Автор сақтандыру саласындағы институционалдық өзгерістерді құқықтық мониторинг нәтижелері арқылы бағалай отырып, бұл салада құқықтық реттеудің сапасы шешуші мәнге ие екенін атап көрсетеді [3, с. 112].

Е.М. Елубай пікірінше, сақтандыру нарығын тұрақты дамыту үшін нормативтік-құқықтық базаны жүйелі түрде реформалау қажет. Ол қолданыстағы заңнамада нормалардың қайталануы, құқықтық олқылықтар мен коллизиялар, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесін қиындататын құқықтық-техникалық кемшіліктер бар екенін көрсетеді [3, с. 113]. Мұндай мәселелер сақтандыру ұйымдарының қызметіне де, сақтандыру нарығына деген сенім деңгейіне де теріс әсер етеді.

Сонымен қатар автор сақтандыру саласын дамыту тек нарықтық еркіндікпен шектелмеуі тиіс деп есептейді. Оның көзқарасы бойынша, тиімді мемлекеттік бақылау мен қадағалау сақтандыру қатынастарының ашықтығын, заңдылығын және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру сақтандыру нарығының тұрақтылығын арттырып, оны халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді.

Е.М. Елубай Қазақстандағы сақтандыру жүйесінің нарықтық экономика жағдайында тиімді қызмет етуі заңнаманың сапасына, оны қолданудың айқындығына және мемлекеттік бақылаудың нәтижелілігіне тікелей тәуелді деген тұжырым жасайды. Автордың көзқарасы сақтандыру саласын одан әрі реформалау қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Осы саланы зерттеушілердің қатарында М. Баян, интеграция және халықаралық стандарттар жағдайындағы сақтандыру құқығының даму болашағын зерттей отырып, отандық заңнаманы халықаралық талаптармен үйлес-

тірудің маңыздылығына баса назар аударады. Бұл тұрғыда Қазақстанның сақтандыру заңнамасын халықаралық талаптар мен одақтық нормаларға сәйкес гармонизациялау қажеттігі алға қойылады. Автордың пікірінше, «бұл процесс сақтандыру нарығын интеграциялауға, құқықтық реттеудің айқындылығын арттыруға және елдің қаржы нарығын халықаралық деңгейге бейімдеуге мүмкіндік береді. Халықаралық стандарттарды енгізу арқылы отандық сақтандыру заңнамасының сапасын жақсарту, реттеудің нақтылығын арттыру және нарықтың тұрақтылығына қол жеткізу мүмкін. Бұл, әсіресе, азаматтар мен коммерциялық ұйымдардың құқықтарын қорғалатын құқықтық орта жасау мақсатында маңызды» деп көрсетеді [4, с. 171].

Сақтандыру құқығының даму болашағы Қазақстанда құқықтық интеграцияны күшейту мен халықаралық стандарттарды ескере отырып заңнаманы үйлестіру мен жетілдіру арқылы қарастырылуы тиіс. Бұл қадам елдің қаржы нарығында сенімді құқықтық орта қалыптастыруға, халықаралық интеграциялық үдерістерге белсенді қатысуға және сақтандыру қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды стратегиялық бағыт ретінде табылады.

Ж.Б.Досмағамбетова міндетті сақтандыру шарттарының әділеттілігі мен орындалуын қамтамасыз ету үшін заңнамалық түзетулер енгізуді ұсынады.

Атап айтқанда: « - Сақтандырылған тұлғалардың құқықтарын нақты айқындайтын нормалар енгізу;

- Сақтандыру компанияларының төлемнен бас тартуына байланысты нақты әрі шектеулі негіздер белгілеу;

- Реттеуші органдар тарапынан қатаң қадағалау және айыппұл шараларын күшейту қажеттігін алға тартады» [5, с.54].

Қазақстан Республикасындағы міндетті сақтандыру жүйесі қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды құрал болып табылады. Алайда, Ж. Б. Досмағамбетова атап өткендей, сақтандырылған тұлғалардың құқықтарын қорғаудағы кейбір кемшіліктер бұл тетіктің толық тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіруде. Біздің ойымызша, сақтандыру қатынастарына қатысушылардың тең құқықты болуы

және әділдік қағидатына негізделуі үшін қолданыстағы заңнамаға нақты әрі түсінікті түзетулер енгізу қажет. Бұл өзгерістер азаматтардың сақтандыру төлемдерін кедергісіз алуына, сақтандыру ұйымдарының жауапкершілігін арттыруға және жалпы сақтандыру нарығына деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, автор Қазақстандағы міндетті сақтандыру жүйесін, соның ішінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды реттеу тәжірибесін терең талдайды. Автордың пайымдауынша, қазіргі қолданыстағы заңнамада сақтандырылған тұлғалардың құқықтарын қорғау тетіктері толық жетілмеген, бұл азаматтардың сақтандыру төлемдерін алу барысында қиындықтарға тап болуына әкеледі [5, с.55]. Ол нормативтік актілерде сақтандыру жағдайын нақтылаудағы олқылықтар, сақтандыру төлемінен бас тарту негіздерінің кеңдігі және реттеуші органдар тарапынан бақылаудың әлсіздігі мәселелеріне тоқталады.

Сақтандыруды құқықтық реттеу туралы шетел ғалымдарының да пікірлері бар. Мәселен, П.Марано өз еңбегінде сақтандыру құқығындағы қадағалаудың негізгі құндылығы – ашықтық екенін дәлелдейді. Автор тұтынушылардың сенімін арттыруда және сақтандыру компанияларының жауапкершілігін бақылауда ашық ережелер мен жария деректердің шешуші рөл атқаратынын атап өтеді. Ол сондай-ақ ақпараттық ашықтықтың сақтандыру секторы мен реттеуші органдар арасындағы тиімді қарым-қатынасқа негіз болатынын көрсетеді [6, р.102]. Бұл Қазақстан үшін де өзекті, себебі қазіргі таңда Бірыңғай сақтандыру дерекқоры (БСДБ) жүйесін жетілдіру арқылы транспаренттілікті қамтамасыз ету алдыңғы қатарда тұр

Э.Марсден өз еңбегінде, сақтандыру, заңнамалық жауапкершілік және қауіпсіздік шаралары арасындағы өзара әрекеттестікке назар аударады. Оның пікірінше, бұл үш сала – бір-бірін толықтыратын, бірақ кей жағдайда қайшылық туғызуы мүмкін құқықтық тетіктер деп көрсетеді. Э.Марсден атап өткендей, кейбір елдерде заңмен белгіленген міндетті қауіпсіздік нормалары сақтандыру компаниялары қолданатын тәуекелді бағалау жүйесімен үйлесе бермейді. Бұл – сақтандырушы тәуекелді

өте жоғары деп бағалағанымен, заң оны міндетті сақтандыру объектісі ретінде белгілеп қоюы мүмкін дегенді білдіреді [7, p.1121].

Сонымен қатар, Э.Марсден сақтандыру мен құқық арасындағы қатынас бір бағытты реттеу емес, керісінше, динамикалық тепе-теңдік деп есептейді. Заңнама жиі жаңарып отыруы қажет, себебі нарықта жаңа сақтандыру өнімдері мен күрделі келісімдер пайда болып жатады. Ал құқықтық жүйе сол өзгерістерге тез бейімделмесе, сақтандыру саласының тиімділігі төмендейді.

Автор, әсіресе, заң шығарушы, сақтандырушы және реттеуші органдар арасындағы теңгерімді сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтеді [7, p.1123]. Мұндай үйлесім сақтандыру саласының тұрақты дамуын және азаматтардың құқықтарының тиімді қорғалуын қамтамасыз етеді.

Э.Марсден ұсынған теориялық тұжырым Қазақстан жағдайында да өзекті. Себебі сақтандыру саласы елімізде жаңа сатыға көтеріліп, заңнамалық трансформация кезеңін өткеруде. Э.Марсден айтқандай, құқық пен сақтандыру арасындағы үйлесімділік пен жауапкершілік балансы біз үшін де маңызды. Қазақстанда сақтандыру өнімдерінің көбеюі мен цифрлануы заңнамаға деген жаңа талаптарды туындатып отыр.

Біздің пікірімізше, еліміздің құқықтық базасы сақтандырушы тараптың тәуекел бағалау жүйесімен үйлесімді болуы керек. Бұл – сақтандыру қатынастарының барлық тараптары үшін ашық, әділ және тиімді механизм қалыптастырады. Халықаралық тәжірибені зерделей отырып, Қазақстанның ұлттық заңнамасын икемді, бірақ нақты талаптармен жаңғырту — сақтандыру саласының келешектегі сенімділігінің кепілі болмақ.

Сақтандыру саласы – экономика мен әлеуметтік қамтамасыз етудің маңызды элементі. Қазақстанда сақтандыру қызметін реттейтін негізгі заңдық акт – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

болып табылады. Соңғы онжылдықта сақтандыру нарығы өсіп, жаңа қызмет түрлері енгізілді. Мысалы, 2019 жылы республикада сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемі 509 млрд теңгеден асқан, бұл өткен жылмен салыстырғанда 32%-ға артық екенін Forbes.kz атап көрсеткен⁷. Нарықтағы осы даму қарқынына цифрландыру шаралары мен салықтық ынталандыру да ықпал еткені атап өтіледі⁸. Сонымен қатар, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік және қаржылық қызметтердің электронды жүйеге көшуі жоспарланды, оның құрамында сақтандыру да бар.

2025 жыл сақтандыруда бірқатар маңызды заңнамалық жаңашылдықпен есте қалды. МӘМС заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2026 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін жарна төлеуге міндеттеледі. Бұл арқылы Алматыда 95 мыңдай адам қосымша медициналық сақтандырумен қамтылмақ. Сонымен бірге ең төменгі жалақы шегі өзгеріп, 2027–2037 жылдары жарна мөлшері кезеңмен өсу жоспарланған. Заң жобасына кіруді талап етпей, 2025 жылдың екінші жартысынан бастап барша онкологиялық скрининг түрлері тегін жүргізіледі, ал 2026 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар 8 ауруға күдік туғанда диагностикалық көмек ақысыз көрсетіледі. 2026 жылдан бастап амбулаторлық деңгейдегі диализ бен зертханалық қызметтер, сондай-ақ келесі 12 сырқат бойынша жоспарлы стационарлық көмек МӘМС пакеті аясында беріледі. Осы шаралар нәтижесінде 2027 жылдан бастап денсаулық сақтау шығынының 65%-ы МӘМС, 35%-ы тегін медициналық көмек пакеті шеңберінде қаржыландыруға бағытталатын болады (қазіргі көрсеткіш – 57%/43%)⁹.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 30 маусымында қабылданған заңмен өмірді жинақтаушы сақтандырудың барлық түрлері Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қорының кепілдігіне ресми енгізілді¹⁰. Яғни енді азаматтардың қол-

⁷ Қазақстанның сақтандыру нарығы: өсу нүктелері, басымдықтар мен бағдарлар. // URL: https://forbes.kz/articles/azastan_respublikasyiny_2020_satandyiru_naryyi_su_nkteler_basyimdyitar_men_badarlar (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁸ Сақтандыру нарығы: Цифрландыру қарқыны жоғары // URL: https://forbes.kz/articles/satandyiru_naryyi_tsifrlandyiru_argyiny_joagy (жүгінген күні: 01.01.2026).

⁹ Сақтандыру саласындағы өзгерістер // URL: <https://egemen.kz/article/395092-saqtandyru-salasyndaghy> (жүгінген күні: 01.01.2026).

¹⁰ Жаңа кепілдіктер: өмірді жинақтаушы сақтандыру енді Қордың қорғауында // URL: <https://ipgf.kz/kk/news/25-07-2025->

даныстағы жинақтаушы өмір сақтандыруы мемлекет тарапынан кепілдендірілген. 2025 жылға қарай өмірді сақтандыру нарығының белсенді дамуына цифрландырудың әсері де артты: сақтандыру компаниялары өз өнімдерін онлайн ұсынуды белсенді дамытып, клиенттер үшін мобильді қосымшалар мен интернет-кабинеттерді енгізуде.

Сақтандыру секторы — бұл адамдар мен компанияларды қаржылық тәуекелдерден қорғайтын компаниялар мен ұйымдардың жиынтығы болып табылады. Сақтандыру секторы күрделі қаржылық механизм ретінде бірнеше негізгі қатысушыдан тұрады. Мәселен, сақтандыру компаниялары, қайта сақтандыру ұйымдары, сақтандыру агенттері мен брокерлер, реттеуші мемлекеттік органдар. Олардың әрқайсысы нарықтың тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады.

«2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның 10-ы – өмірді сақтандыру.

2025 жылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 25,1%-ға 3,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылғы желтоқсанда 3,0%-ға өсу), ол негізінен сақтандыру қызметінен және бағалы қағаздарға инвестициядан түскен кірістердің өсуі нәтижесінде болды»¹¹.

Президент Тоқаевтың бастамалары шеңберінде қабылданған бірнеше заңда сақтандыру саласына байланысты. Мысалы, 2025 жылы Парламент «Жасанды интеллект туралы» заңды қабылдап, онда AI пайдалану салдарынан туындайтын зиян үшін міндетті сақтандыру енгізуді енгізді¹². 2025 жылдың соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңға қол қойып, оған электро-самокаттарды жалға беретін компаниялар мен жеке кәсіпкерлер үшін жауапкершілік сақтандыруын енгізу пунктін қосты¹³. Осы реформалар нәтижесінде жаңадан енгізілген сақтандыру түрлері мен талаптар сақтандыру жүйесінің қамтылуын кеңейтіп, әлеуметтік қауіп-

сіздікті нығайтуға септігін тигізуде.

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы соңғы отыз жыл ішінде күрделі эволюциялық кезеңдерден өтті. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары нарықтық экономиканың негіздері қалана бастағанда, сақтандыру да жаңа сипатқа ие болды. Кеңестік жоспарлы модельден еркін нарықтық модельге көшу барысында сақтандырудың құқықтық негіздері жасалып, 1995 жылдан бастап арнайы заңнамалық актілер қабылданды. Осы ретте 2000 және 2010 жылдар аралығында заңнаманы жүйелеу, лицензиялау, сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытындағы құқықтық реформалар маңызды рөл атқарды.

Сақтандыру заңнамасының эволюциясы тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар құқықтық және институционалдық мазмұны жағынан да жетілдірілді. Салаға қатысты негізгі ұғымдар нақты анықталды, міндетті және ерікті сақтандыру түрлеріне жіктеу енгізілді, халықаралық стандарттармен үйлестірілген жаңа сақтандыру өнімдері пайда болды. Бүгінгі күні Қазақстанның сақтандыру құқығы ТМД елдері арасында үздік құқықтық тәжірибелердің бірі ретінде қарастырылуда.

Цифрлық трансформация қазіргі сақтандыру жүйесінің маңызды кезеңіне айналды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында сақтандыру компаниялары өз қызметтерін онлайн форматқа бейімдеп, электрондық полистер, мобильді қосымшалар және Бірыңғай сақтандыру дерекқоры (БСДБ) сияқты цифрлық платформаларды белсенді енгізуде. Бұл өз кезегінде сақтандырудың қолжетімділігін арттырып, қызмет көрсету жылдамдығын, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтық қорғалу деңгейін жаңа сатыға шығарды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылы жасаған мәлімдемесінде сақтандыру саласының ашықтығын арттырып, азаматтардың сенімін нығайту қажеттігі ерекше атап өтілді. Мемлекет басшысы сақтандыру заңнамасы азамат

(жүгінген күні: 01.01.2026).

¹¹ Қазақстан сақтандыру секторының 2026 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі туралы // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/1155370?lang=kk> (жүгінген күні: 06.02.2026).

¹² «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230> (жүгінген күні: 01.01.2026).

¹³ Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271_ (жүгінген күні: 01.01.2026).

мүддесін қорғауға бағытталып, цифрлық құралдар тиімді әрі этикалық тұрғыдан қолданылуы тиіс екенін жеткізді. Бұл – сақтандыру мен құқық арақатынасында адам капиталына бағытталған саясаттың күшейіп келе жатқанын білдіреді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында талданған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінен көргеніміздей, сақтандыру саласында құқықтық және цифрлық тепе-теңдік табу – аса өзекті мәселе. Қорытындылай келе, Қазақстандағы сақтандыру заңнамасының әрі қарайғы дамуы үшін мынадай ұсыныстар маңызды:

- Цифрлық сақтандыру келісімдерін

құқықтық жағынан нақтылау;

- Азаматтардың мәліметтерін қорғау тетіктерін күшейту;

- Сақтандыру ұйымдарының жауапкершілігін арттыру;

- Халықаралық тәжірибе негізінде құқықтық базаға үздіксіз өзгерістер енгізу;

- Мемлекеттік бақылау мен нарық еркіндігі арасында тиімді тепе-теңдік сақтау.

Бұл бағыттар сақтандыру жүйесінің заман талабына сай жаңарып, азаматтардың құқықтарын толық қорғауға мүмкіндік беретін құқықтық және цифрлық модельдің қалыптасуына негіз болады.

Әдебиет тізімі:

1. Жуйриков К.К. Страхование: одна из платформ казахстанского барса. Алматы: РПГ «Біз-Мы». 2001. 272 с.
2. Тлебаева Г.М. Значение и роль принципов в правовом регулировании страховой деятельности в Республике Казахстан // Вопросы современной юриспруденции. 2013. №7 (68). С. 18-25.
3. Елубай Е.М., Калмағамбетов А.Ж. Некоторые аспекты организации страховой деятельности в Республике Казахстан (результат правового мониторинга) // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2018. №5 (54). С. 112-119.
4. Баян М., Оспанова Д., Плоцкая О. Правовая основа гармонизации страхового законодательства в условиях ЕАЭС // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, серия юридических изданий. 2023. №145 (4). С. 171-182.
5. Досмағамбетова Ж. Б. Міндетті сақтандыру жүйесін жетілдірудің құқықтық мәселелері (азаматтық-құқықтық жауапкершілік мысалында) // Заң ғылымдары және құқық қолдану практикасы журналы. 2018. №2. Б. 54–59.
6. Marano P. Transparency and Consumer Trust in Insurance Supervision // European Insurance Law Review or Geneva Papers on Risk and Insurance. 2021. Vol. 12 (34). pp.102-125.
7. Marsden E. Regulatory Overlap and Insurance in Risk Governance Systems // Journal of Risk Research. 2014. Vol. 17(9). pp. 1121–1137.

© М.Н. Абишева¹, 2026

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(e-mail: 1abisheva.meruertkz@mail.ru)

ЭВОЛЮЦИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О СТРАХОВАНИИ И ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье комплексно анализируются эволюция законодательства о страховании в Республике Казахстан и процессы цифровой трансформации в сфере страхования. Целью исследования является определение этапов формирования системы правового регулирования страховой деятельности в Казахстане с момента обретения независимости до настоящего времени, раскрытие содержания основных законодательных реформ и оценка влияния цифровизации на эффективность, прозрачность и доступность страхового рынка.

Предметом исследования выступает система нормативных правовых актов, регулирующих страховую деятельность в Республике Казахстан, законодательные изменения, направленные на цифровизацию страхового рынка, а также правовые отношения между страховыми организациями, государственными органами и потребителями страховых услуг.

В ходе исследования применялись как общенаучные, так и специальные юридические методы. В частности, широко использовались историко-правовой метод, формально-правовой метод, сравнительно-правовой анализ, системный подход, логический анализ и методы обобщения.

В результате исследования установлено, что страховое законодательство Казахстана прошло путь от фрагментарного регулирования на начальном этапе до современной многоуровневой, цифровизированной и ориентированной на потребителя системы. Обосновано, что цифровая трансформация способствовала повышению качества страховых услуг, развитию онлайн-страхования, электронных договоров, внесудебного урегулирования споров и повышению эффективности института страхового омбудсмена. Полученные научные выводы обладают практической значи-

мостью для дальнейшего совершенствования страхового законодательства, развития правоприменительной практики, а также адаптации страхового рынка к цифровой среде. Кроме того, они могут быть использованы в образовательном процессе, в том числе в курсах по страховому праву, научно-исследовательской деятельности и в нормотворческой практике.

Ключевые слова: страхование; страховой рынок; страховое законодательство; страховой омбудсман; цифровизация; исламское страхование; такафул.

© M.N. Abisheva¹, 2026

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(e-mail: 1abisheva.meruertkz@mail.ru)

EVOLUTION OF INSURANCE LEGISLATION AND DIGITAL TRANSFORMATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the evolution of insurance legislation in the Republic of Kazakhstan and the processes of digital transformation in the insurance sector. The aim of the research is to identify the stages of development of the legal regulation system of insurance activities in Kazakhstan from the moment of gaining independence to the present day, to reveal the content of the main legislative reforms, and to assess the impact of digitalization on the efficiency, transparency, and accessibility of the insurance market.

The subject of the research is the system of regulatory legal acts governing insurance activities in the Republic of Kazakhstan, legislative changes aimed at digitalizing the insurance market, as well as legal relations between insurance organizations, government bodies, and consumers of insurance services.

Both general scientific and special legal methods were used in the course of the study. In particular, the historical-legal method, formal-legal method, comparative legal analysis, systemic approach, logical analysis, and methods of synthesis were widely applied.

As a result of the study, it was found that Kazakhstan's insurance legislation has evolved from a fragmented system in the initial stages to a modern, multi-level, digitalized, and consumer-oriented regulatory framework. It has been substantiated that digital transformation has contributed to improving the quality of insurance services, the development of online insurance, electronic contracts, pre-trial dispute resolution, and the enhanced effectiveness of the insurance ombudsman institution. The scientific conclusions obtained have practical value for the further improvement of insurance legislation, the development of legal practice, and the adaptation of the insurance market to the digital environment. Moreover, these findings can be applied in the educational process, including in insurance law courses, research activities, and legislative drafting practice.

Keywords: insurance; insurance market; insurance legislation; insurance ombudsman; digitalization; islamic insurance; takaful.

References:

1. Zhurikov K.K. Strakhovanie: odna iz platform kazakhstanskogo barsa. Almaty: RPG «Biz-My», 2001. 272 s.
2. Tlebaeva G.M. Znachenie i rol printsipov v pravovom regulirovanii strakhovoy deyatel'nosti v Respublike Kazakhstan // Voprosy sovremennoy yurisprudentsii. №7 (68). 2013. S. 18–25.
3. Elubai E.M., Kalmagambetov A.Zh. Nekotorye aspekty organizatsii strakhovoy deyatel'nosti v Respublike Kazakhstan (rezultat pravovogo monitoringa) // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii Respubliki Kazakhstan. №5 (54). 2018. S. 112–119.
4. Bayan M., Ospanova D., Plotskaya O. (2023). Pravovaya osnova garmonizatsii strakhovogo zakonodatel'stva v usloviyakh EAES // Vestnik Evraziyskogo natsionalnogo universiteta im. L.N. Gumilyova, seriya yuridicheskikh izdaniy. №145 (4). 2023. S. 171–182.
5. Dosmagambetova Zh.B. Mindetti saktandyru zhuiesin zhetildirudin kukyktyk maseleleri (azamaty-kukykyk jauapkershilik mysalynda) // Zan gylymdary zhane kukyk koldanu praktikasy zhurnal. №2. 2018. B. 54–59.
6. Marano P. Transparency and Consumer Trust in Insurance Supervision // European Insurance Law Review or Geneva Papers on Risk and Insurance. Vol. 12 (34). 2021. pp. 102–125.
7. Marsden E. (2014). Regulatory Overlap and Insurance in Risk Governance Systems // Journal of Risk Research. Vol. 17(9). pp. 1121–1137.

Автор туралы мәліметтер:

Абишева Мерuert Нұрланқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс докторанты, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885.

E-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru;

Алғыс. Автор сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

Дәйексөз келтіру үшін. Абишева М.Н. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының эволюциясы және цифрлық трансформация // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 322-332. DOI – [https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_322](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_322).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

Қаржыландыру көзі. Автор зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 13.01.2026; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 09.02.2026; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Сведения об авторе:

Абишева Меруерт Нұрланқызы – докторант 2 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.
ORCID ID: 0000-0001-7390-4885;
E-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru.

Благодарности. Автор выражает благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

Для цитирования. Абишева М.Н. Эволюция законодательства о страховании и цифровая трансформация в Республике Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026;81(1): 322-332. DOI – [https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_322](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_322).

Информация о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Источник финансирования. Автор заявляет об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 13.01.2026; поступила после рецензирования: 09.02.2026; принята в печать: 31.03.2026.

Автор прочитал и одобрил окончательный вариант рукописи.

Information about author:

Abisheva Meruert Nurlankyzy – 2nd year doctoral student at al-Farabi Kazakh National University, 71, al-Farabi, 050040, Almaty, Kazakhstan.
ORCID ID: 0000-0001-7390-4885;
E-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru.

Acknowledgements. The author would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

For citation: Abisheva M.N. Evolution of insurance legislation and digital transformation in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 322-332. DOI – [https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_322](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_322).

Conflict of interest statement. The author declares that there is no conflict of interest.

Funding. The autor received no specific funding for this work.

Received: 13.01.2026; revised: 09.02.2026; accepted for publication: 31.03.2026.

The author has read and approved the final manuscript.